«ТАСКАЛА АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ «ТАСКАЛА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ТАСКАЛИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ЦЕНТР ДОСУГА» ОТДЕЛА КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ТАСКАЛИНСКОГО РАЙОНА

090900, ЗКО, Таскалинский район, село Таскала, ул. Абая, 22
Тел: 87113021754
Эл.адрес: taskala.dosugcenter@mail.ru

БҰЙРЫҚ
10.08.2026 № 71

ПРИКАЗ
№

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауды тағайындау туралы Жарлығына сәйкес, 2026 жылғы 23 тамызға сайлау тағайындалды. Жүктелген міндеттерге сәйкес, Тапсырыс берушінің ведомстволық бағынысты объектілерінің базасында (12 ғимарат санында) сайлау науқанының күнтізбелік жоспарына қатаң сәйкес учаскелік сайлау комиссиялары мен азаматтардың дауыс беру пункттері орналастырылады. Сайлау учаскелерін орналастыруды ресми бөлу және дислокациясын бекіту сәтінде ғимараттардың ішкі үй-жайлары ҚР Орталық сайлау комиссиясының дауыс беруге арналған үй-жайларға қойылатын талаптарына сәйкес тиісті санитарлық-техникалық және эстетикалық түрге келтіру үшін шұғыл косметикалық жөндеу жүргізуді (қабырғаларды су-эмульсиялық бояумен бояу) талап ететін жағдайда болды. Мемлекеттік сатып алудың стандартты бәсекелестік рәсімдерін (конкурс, аукцион немесе баға ұсыныстарын сұрату) жүргізу, заңнамада белгіленген хабарландыруларды орналастыру, өтінімдерді беру, қорытынды шығару және шарт жасасу мерзімдерін ескере отырып, объективті түрде техникалық мүмкін емес, өйткені бұл жөндеу жұмыстарын аяқтаудың шекті мерзімдерін өткізіп алуға және салдарынан 2026 жылғы 23 тамызда дауыс беру күні сайлау учаскелерінің үздіксіз жұмыс істеуіне дайындықтың бұзылуына әкеп

соғады. Сайлау учаскелерін уақтылы дайындамау мемлекеттік ауқымдағы маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралардың бұзылуына тікелей қатер төндіреді, азаматтардың дауыс беруге қатысу жөніндегі конституциялық құқықтарының бұзылуына және сайлау процесі жұмысының тұрақсыздануына әкеп соқтырады.

Туындаған төтенше сипаттағы болжанбаған жеделдік жағдайына байланысты, ең маңызды мемлекеттік науқанның бұзылуына жол бермеу және үй-жайлардың ақауларын жедел жоюды қамтамасыз ету мақсатында, төмендегі көрсетілген жоспар тармақтары бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асырылсын.

1) Жоспар тармағы 82605778 – саты
2) Жоспар тармағы 82605802 – кір жуатын ұнтақ
3) Жоспар тармағы 82605806 – әйнек тазалағыш
4) Жоспар тармағы 82605812 – тазартқыш құралы
5) Жоспар тармағы 82605815 - тазартуға арналған сыпырғыш
6) Жоспар тармағы 82605804 – 10 л шелек

2. Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу туралы Заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асырсын.

3. Бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Директор **Д.Алжекенов**